

БЕКІТЕМІН:

Астана қаласы әкімдігінің
«Мамандандырылған балалар
үйі» КММ директоры

 Т.А. Цечоева
17.05.2023 г.

Астана қаласы әкімдігінің «Мамандандырылған балалар үйі» КММ

СЫБАЙЛАС ЖЕМҚОРЛЫҚҚА ҚАРСЫ СТАНДАРТ

1. Жалпы ережелер

1.1. Астана қаласы әкімдігінің «Мамандандырылған балалар үйі» КММ-нің сыбайлас жемқорлыққа қарсы стандарты (ары қарай – Сыбайлас жемқорлыққа қарсы стандарты), Қазақстан Республикасының 2015 жылғы 18 қарашадағы «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» Занының 10 бабына, Мемлекеттік қызмет істері және қоғамдық қатынастардың ерекшеленген салаларындағы сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігі бекіткен сыбайлас жемқорлыққа қарсы стандарттарды өзірлеу жөніндегі әдіstemелік ұсынымдарға сәйкес өзірленді.

1.2. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы стандарт ұйым қызметкерлері үшін сыбайлас жемқорлықтың алдын алуға бағытталған ұсынымдар жүйесін белгілеуге бағытталған.

1.3. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы стандартты өзірлеу міндеттері:

1) қызметкерлердің сыбайлас жемқорлыққа қарсы тұрақты мінез-құлқын қалыптастыру;

2) сыбайлас жемқорлық көріністерін уақтылы анықтау және олардың жағымсыз салдарларының алдын алу.

1.4. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы стандарттың қағидаттары:

1) занылышы;

2) ашықтық;

3) әдептілік;

4) жеке және занды тұлғалардың құқықтары мен занды мұдделерін сактау және оларды сыбайлас жемқорлық көріністерінен қорғау;

5) мұдделер қақтығысын болдырмау болып табылады

1.5. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы стандарт белгіленген қағидаларды мұлтіксіз сактауға және сыбайлас жемқорлық көріністерінің алдын алуға бағытталған ұйымдарда жұмыс істейтін адамдардың әрекеттері мен шешімдерін анықтайды.

1.6. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы стандарттың негізіне, сыбайлас жемқорлық көріністеріне жол бермеу тұрғысынан лауазымдық міндеттерді орындау бойынша тікелей іс-әрекеттер жатыр:

1) сыбайлас жемқорлыққа қарсы стандарт қамтитын салада жеке және занды тұлғалардың құқықтары мен занды мұдделерін іске асыру;

2) өз құзыреті шегінде басқарушылық және өзге де шешімдерді дайындау және қабылдау;

3) тиісті тіршілік саласының ерекшелігіне байланысты өзге де қоғамдық маңызы бар қатынастарда.

2. Мекемеде жұмыс істейтін тұлғалардың мінез-құлық (іс-қимыл) қағидалары

2.1 Сыбайлар жемқорлыққа қарсы стандарт қамтитын салада жеке және заңды тұлғалардың құқықтары мен заңды мүдделерін іске асыру кезінде:

1) Қазақстан халқының бірлігі мен елдегі ұлтаралық келісімді нығайтуға ықпал ету, мемлекеттік және басқа тілдерге, Қазақстан халқының салт-дәстүрлеріне құрметпен қарau;

2) адал, әділ, қарапайым болуға, жеке тұлғалармен, заңды тұлғалардың өкілдерімен және әріптермен қарым-қатынаста жалпы қабылданған моральдық-этикалық нормаларды сактау, сыйайылық пен әдептілік таныту;

3) қабылданған шешімдердің заңдылығы мен әділдігін қамтамасыз ету;

4) жеке және заңды тұлғалардың құқықтары мен заңды мүдделерін қозғайтын шешімдер қабылдаудың ашықтығын қамтамасыз ету;

5) өз іс-әрекетімен және мінез-құлқымен қоғам тарапынан сын тудырмау, сын үшін қудалауға жол бермеу, сындарлы сынды кемшіліктерді жою және қызметін жақсарту үшін пайдалану;

6) шындыққа сәйкес келмейтін мәліметтерді таратпау;

7) заңда тәртіптік, әкімшілік немесе қылмыстық жауапкершілік көзделген теріс қылық пен өзге де құқық бұзушылықтардың жасалуына жол бермеу.

2.2. Өз құзыреті шегінде басқарушылық және өзге де шешімдерді дайындау және қабылдау кезінде:

1) өзінің немесе тікелей басшыға мүдделер қақтығысының, қызметтік міндеттерін атқару кезінде жеке мүдделілік, сыбайлар жемқорлық мінез-құлыққа бейімділігі және сыйлық алудың туындауы туралы хабарлау;

2) қызметтік міндеттерін орындау кезінде жеке және пайдакұнемдік мүдделерді басшылыққа алмау;

3) әріптер мен басшыларға өзара қарым-қатынастардың белгіленген тәртібін бұзатын, олардың бейтарап қызметтік шешім қабылдауына ықпал етуі мүмкін заңсыз өтініштермен жүргінуден бас тарту;

4) басқа адамдарды сыбайлар жемқорлық құқық бұзушылықтар жасауға итермелемеу және көтермелемеу;

5) әріптерге, басшыларға және басқа да лауазымды тұлғаларға сыйлық бермеуге және қызметтік өкілеттіктерді пайдалана отырып, мұліктік пайда, жеңілдіктер немесе артықшылықтар алу үшін қызметтік емес қызметтер көрсетпеуге;

6) лауазымдық өкілеттіктерін орындауға байланысты сыйлықтарды қабылдамау;

7) мұліктік игіліктер мен артықшылықтарды алу мақсатында таратылуға жатпайтын қызметтік және өзге де ақпаратты пайдаланбау;

8) егер ол жақын туыстық қатынастағы адамдардың (ата-аналары, жұбайлары, бауырлары, әпкелері, балалары) тікелей бағыныстылығымен немесе бақылауында болуымен байланысты болса, лауазымға тағайындалудан бас тарту;

9) сыбайлар жемқорлыққа қарсы іс-қимылда белсенділік таныту;

- 10) сыйбайлас жемқорлық фактілері туралы басшылыққа дереу хабарлау;
- 11) орындау үшін алынған бұйрықтың заңдылығына күмәнданатындығы туралы тікелей басшыға дереу жазбаша хабарлауға;
- 12) егер тікелей басшының өзі мүдделер қақтығысына қатысы бар болса, жоғары тұрған басшылыққа жүгіну;
- 13) қолдау көрсете және әріптестерінен жоғары құқықтық және сыйбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті қолдауды талап ету;
- 14) мүдделер қақтығысының, сыйбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтардың туындау себептері мен жағдайларын және олардың салдарын жою жөнінде тұрақты негізде шаралар қабылдау;
- 15) табыс алуға байланысты кәсіпкерлік және өзге де қызметті жүзеге асыруда біреуге жәрдем көрсетуден бас тарту;
- 16) үшінші тұлғалардың мүдделерін білдіруден немесе мүдделік қолдау жасаудан, сол сияқты олардың атынан іс-әрекеттер жасаудан бас тарту.

2.3. Мемлекеттік қызмет көрсете кезінде ұсынылады:

- 1) тұрақты негізде мемлекеттік қызметтер көрсете сапасын арттыру жөнінде шаралар қабылдау;
- 2) мемлекеттік қызметтерді алуға өтініштерді қарау кезінде әуре сарсанға салу фактілеріне жол бермеу;
- 3) мемлекеттік қызметтерді алуға өтініш берушілермен қызметтен тыс қатынастарға түспеу;
- 4) сыйбайлас жемқорлық құқық бұзушылық жасауға итермелеген кезде басшылыққа баяндау;
- 5) мемлекеттік қызметтерді алуға өтініш берушімен тікелей байланысты барынша азайту;
- 6) мемлекеттік қызмет көрсете үшін бекітілген тізбеге кірмейтін қосымша құжаттарды ұсынуды талап етпеу және сұратпау.

2.4. Тауарларды, жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді сатып алуға байланысты мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыру кезінде лауазымды тұлғаларға ұсынылады:

- 1) мемлекеттік сатып алу үшін пайдаланылатын ақшалай қаражатты оңтайлы және тиімді жұмсау;
- 2) Занда көзделген жағдайларды қоспағанда, әлеуетті өнім берушілерге мемлекеттік сатып алуды өткізу рәсіміне қатысу үшін тең мүмкіндіктер беру;
- 3) әлеуетті жеткізушілер арасындағы адал бәсекелестік;
- 4) мемлекеттік сатып алу процесінің ашықтығы мен айқындығын қамтамасыз ету;
- 5) Қазақстан Республикасы ратификациялаған халықаралық шарттарға қайшы келмейтін көлемде отандық тауар өндірушілерге, сондай-ақ жұмыстар мен қызметтер көрсететін отандық жеткізушілерге қолдау көрсете;
- 6) сыйбайлас жемқорлыққа жол бермеу;
- 7) осы әлеуетті өнім берушінің бірінші басшыларының жақын туыстарының, жұбайларының немесе туыстарының және (немесе) өнім берушінің таңдау туралы шешім қабылдауға құқығы бар немесе тапсырыс берушінің өкілдері болып табылатын осы әлеуетті өнім берушінің уәкілетті өкілі немесе жүргізіліп жатқан мемлекеттік сатып алуда мемлекеттік сатып алуды үйымдастырушыға жүргізіліп жатқан мемлекеттік сатып алуға қатысуына жол бермеу;

8) атқарушылық құжаттар бойынша орындалмаған міндеттемелері бар және борышкерлердің бірыңғай тізіліміне енгізілген ол тартқан әлеуетті өнім беруші және (немесе) косалқы мердігер (бірлесіп орындаушы) ретінде қатысуға жол бермеу.

2.5. Мекеме қызметкерлерін/жұмысшыларын іріктеу және орналастыру бойынша кадрлық жұмысты үйымдастыру кезінде ұсынылады:

- 1) меритократия принципін ұстану;
- 2) тағайындауға арналған материалдарды қараудың белгіленген мерзімдерін сақтау және бақылау;
- 3) жұмысқа қабылдау кезінде қызметкерлерге қойылатын негізгі міндеттерді, тыйымдар мен шектеулерді түсіндіру;
- 4) кадрларды іріктеу кезінде Қазақстан Республикасы Еңбек заңнамасының талаптарын сақтау;
- 5) мемлекеттік қызметшілердің дербес деректері туралы мәліметтерді негізсіз беруге жол бермеу;
- 6) жұмысқа үміткерлерден еңбек шартын жасасуға қатысы жоқ құжаттарды талап етпеу;
- 7) қызметкерлерге қатысты қызметтік тексерулерді объективті және жанжақты жүргізу;

2.6. тіршілік саласының ерекшелігіне байланысты өзге де қоғамдық маңызы бар қатынастарда:

- 1) кадрларды туыстық, жерлестік және жеке адалдық белгілері бойынша іріктеу және орналастыру жағдайларына жол бермеу, меритократия қағидаттарының сақталуын қамтамасыз ету;
- 2) бағынысты лауазымды тұлғалардың міндеттері мен қызметтік өкілеттіктерінің көлемін тұра және нақты айқындау;
- 3) бағыныстағы жауапты тұлғалар арасында еңбек жүктемесінің біркелкі бөлінбеуіне жол бермеу;
- 4) олардың қызметінің нәтижелерін бағалау, сондай-ақ көтермеленеу және жазалау шараларын қолдану кезінде әділдік пен объективтілік таныту;
- 5) қызметтен тыс сипаттағы мәселелерді шешу кезінде қарамағындағылардың қызметіне ықпал ету үшін қызметтік жағдайды пайдаланбау;
- 6) қарамағындағыларды сыйбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтар жасауға мәжбүрлемеу;
- 7) бағынышты және басқа да лауазымды адамдар тарапынан сыйбайлас жемқорлыққа қарсы заңнама нормаларын бұзу фактілеріне жол бермеу және жолын кесу;
- 8) өз лауазымдық міндеттерін орындау барысында ұжымда туындаған мұдделер қақтығысын реттеу бойынша толық шараларды уақтылы қабылдау;
- 9) сыйбайлас жемқорлық тәуекелдерінің алдын алуға бағытталған кешенді шараларды қабылдау;
- 10) сыйбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтар жасауға ықпал ететін себептер мен жағдайларды, оның ішінде қарамағындағыларға да қатысты, жою;
- 11) қарамағындағыларды қоса алғанда, қызметтік немесе жеке тапсырмаларды орындау үшін оларды тартуға жол бермеу.